

Ерейментау ауданы ішкі саясат, мәдениет және
тілдерді дамыту бөлімінің жанындағы КММ
«Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі»

*«Желтоқсан ызғары
мәңгі есте...»*



Әдістемелік-библиографиялық
бөлім

gucbs@mail.ru

«ЖЕЛТОҚСАН
КУӘГЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ»

13.12.2022

12:00

А. Құнанбаев к-сі 123А
Аудандық кітапхана



*«Желтоқсан ызғары
мәңгі есте...»*

Желтоқсан... Қаһармандарымызды тағы да бір еске алып қоятын сәт. 1986 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы болды. Сол пленумда Д.Қонаев бірінші хатшы қызметінен босатылып, орнына бұрынғы Ульянов облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған Г.В. Колбин сайланды. Бұл студент және жұмысшы жастардың бейбіт мақсаттағы шеруіне әкеп соқты. Алаңға шыққан жастарды қарулы күшпен басып – жаншыды. Демонстрация аяусыз басылды. Дәл осынау тәуелсіздіктің таңын атқызуға арқау болған желтоқсан оқиғасынан кейін арада 5 жыл өткенде 1991 жылдың 16 желтоқсан күні қазақ елі шынайы тәуелсіздік алды.

Тәуелсіздік біздің басымызға қонған бақ, бақыт. Бұл оңайлықпен келген арзан бақыт емес. Күллі әлемді дүр сілкінткен 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан оқиғасы қазақ топырағына ұлттық санасын, намысын жетелеген жаңа әрі қайсар буынның келгенін әйгіледі. Сол буынның өкілдері бүгінгі таңда арамызда жүр. Ауданымыздағы Желтоқсан оқиғасының куәгерлері:

*Төлеуов Орал Мукушевич
Мандаев Нұртас Боранбаевич
Дүйсекова Күлпан Тлеуленовна*
ерліктерінің алдында басымызды иеміз. Осы аға-апаларымыздың қайтпас қайсар мінезі ұрпаққа үлгі-өнеге болып, Отанымызды сүйуге, адамгершілікке, әділеттілікке, ел мен жердің қадір-қасиетін ұғынуға жетелейді деп сенеміз. Тәуелсіздік туын ұстап, алға баса берейік! Еліміздің келешегі кемел, болашағы нұрлы болсын!

Желтоқсан ерлігі

*Желтоқсанның желі, аязы, ызғары
Қанды мұзда талай қазақ сыздады.
Ұлт қамы үшін шыққан сол күн алаңға
Азап шекті қайсар қазақ қыздары.*

*Талай қазақ қыздарын да тоңдыра,
Талай қазақ гүлдерін де солдыра,
Ел билеуге алып келді Колбинді
Қазақ ұлы Қонаевтың орнына.*

*Егемендік – бұл елімнің елдігі,
Егемендік – барлық ұлттың теңдігі.
Егемендік – елін, жерін қорғаған,
Ербол менен Қайраттардың ерлігі.*

*Желтоқсаным – тәуелсіздік тірегі,
Желтоқсанды қадір тұтып тұр елі.
Есте сақтап ағалардың ерлігін,
Жүректерге сақтау керек үнемі.*

Рауан Нұржанұлы